

7-САБАҚ ДӘРІХАНАДА

1. Тыңдаңыз, есте сақтаңыз.



дәке



дәрі



мақта



ұнтақ



шәрбат



гәрумен



жақпамай



бетперде



шөп тұнбасы



қызуөлшегіш



мұрын/көз тамшысы



түтік

38

7-САБАҚ

2. Сұқбатты оқыңыз.

1 Қақырық түсіретін дәрі бар ма?

2 Иә бар/жоқ.

3 Дәріні қалай ішемін?

4 Күніне үш рет ішіңіз.

5 Мұрын/көз тамшылары бар ма?

6 Иә, бар/жоқ.

7 Тағы қандай дәрі ішуге болады?

8 Шөп тұнбасын ішуге болады.

9 Барлығы қанша теңге?

10 Барлығы 9800 теңге.

11 Рақмет. Сау болыңыз!

12 Ауырмаңыз. Сау болыңыз!



39

7-САБАҚ

3. Сұқбатты рөлге бөліп оқыңыз.

- 1 — Сәлеметсіз бе!
- 2 — Қайырлы күн!
- 3 — Мұрын/көз тамшылары бар ма?
- 4 — Иә, бар.
- 5 — Бір қорабы қанша тұрады?
- 6 — 2200 тг тұрады.
- 7 — Қызуөлшегіш бар ма?
- 8 — Иә, бар. 700 теңге.
- 9 — Күніне неше рет ішу керек?
- 10 — Күніне 3 рет ішу керек.



40

7-САБАҚ

4. Сурет пен сөзді сәйкестендіріңіз.



1. бетперде

2. жақпамай

3. мақта

4. қызуөлшегіш

5. дәрі

6. дәке

7. мұрын/көз тамшысы

41

7-САБАҚ

5. Қажетті сөздерді қойыңыз.

Барлығы 9800

Мұрын/көз тамшысы

Күніне үш рет

қақырық

_____ түсіретін дәрі бар ма?

Иә бар/жоқ.

Дәріні қалай ішемін?

_____ ішіңіз.

_____ бар ма?

Иә, бар/жоқ.

Тағы қандай дәрі ішуге болады?

_____ ішуге болады.

Барлығы қанша теңге?

_____ теңге.

Рақмет. Сау болыңыз!

Ауырмаңыз. Сау болыңыз!



42

7-САБАҚ

6. Сұқбатты рөлге бөліп оқыңыз.

— Қайырлы күн!

— Қайырлы күн!

— Асқазаным ауырып тұр.
Қандай дәрі ішуге болады?

— Асқорытуды
жеңілдететін
дәрі ішіңіз.

— Қалай ішемін?

— Тамақтан кейін
ішіңіз.

— Рақмет,
сау болыңыз!



43

 7. Бос орындарды толтырыңыз.

- Қайырлы күн!
- Қайырлы күн!
- Асқазаным _____.
- Асқорытуды _____.
- Қалай _____?
- Тамақтан кейін _____.
- Рақмет, сау болыңыз!

! 8. Фармацевт кеңесін есте сақтаңыз.

Лимон қосылған шай ішіңіз.
Шөп тұнбасын ішіңіз.
Балмен шай ішіңіз.
Тамағыңызды шайыңыз.
С дәруменін ішіңіз.

! 9. Есте сақтаңыз.

Сізде рецепт бар ма?
Бас ауруына қандай дәрі бар?
Аллергияға қарсы дәрі бар ма?
Иә, бар/жоқ.
Жөтелге қарсы дәрі бар ма?